

Арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер участелерін уақытша өтеулі кейінгі жер пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шартын әзірлеу және бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1291 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 1 ақпанда № 12960 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2019 жылғы 19 шілдедегі № 522 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 19.07.2019 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 8-5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**

1. Қоса беріліп отырған арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер участелерін уақытша өтеулі кейінгі жер пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар комитеті (Е.Қ. Хаиров):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электронды түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрлігінің Зан департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушының
2015 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1291 бұйрығымен бекітілген

**Арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік мешіктегі жер
учаскелерін уақытша өтеулі кейінгі жер пайдаланудың (қосалқы
жалдаудың) үлгілік шарты**

_____ к. 20 _____ ж. " " _____
(шарт жасалған орын) (шарт жасалған мерзім)

атынан

(Басқаруышы компанияның атауы/автономдық кластерлік қор)

негізінде

(жарғы, қағида)

әрекет ететін, бұдан әрі "Жалға беруші" деп аталатын бір тараптан
және _____

атынан

(жарғы, қағида, ЖК куәлігі №____)

негізінде әрекет
ететін, бұдан әрі "Жалға алушы" деп аталатын _____ екінші
тараптан, бұдан әрі бірге "Тараптар" деп аталатындар төмендегілер
туралы осы арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік мешіктегі
жер участелерін уақытша өтеулі пайдаланудың (жалға алушының) шартын
(бұдан әрі - шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1. Жалға беруші 20__ ж. ____ №____ арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер участекелерін уақытша өтеулі қайталап пайдаланудың (қосалқы жалға алудың) шарты бойынша жалдаған жер участекесін (жер участекесінің бір бөлігін) (бұдан әрі - жер участекесі) _____ арнайы экономикалық аймағының (бұдан әрі - АЭА) аумағында қызметтің басым немесе қосалқы түрлерін жүзеге асыру мақсатында уақытша өтеулі қайталап пайдалануға (қосалқы жалға алуға) қосалқы жалға алушыға тапсырады.

2. Жер участекесінің орналасқан жері және оның деректері:

мекенжайы: _____ облысы,

_____ ауданы,

_____ қаласы, _____ көшесі.

кадастрық номірі: _____.

алаңы _____.

нысаналы мақсаты: _____.

пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар: _____.

жер участекесінің бөліну мүмкіндігі: _____.

3. Жер участекесінде _____

(жер участекесінде орналасқан жағдайда жылжымайтын мұлік

объектілері және олардың сипаттамалары көрсетілсін не

ондайлардың жоқ екені туралы жазба жасалсын)

жылжымайтын мұлік объектілері бар (жоқ).

Жылжымайтын мұлік объектілерінің (олар жер участекесінде орналасқан жағдайда) егжей-тегжейлі тізбесі техникалық сипаттамаларымен бірге осы шартқа қоса беріледі.

Жер участекесін беру екі данада (әрбір Тарап үшін бір-бірден) жасалатын және тараптардың қолдары қойылатын қабылданап алу-беру актісімен (жер участекесінің іс жүзіндегі жай-қүйін көрсете отырып) ресімделеді. Қабылданап алу-беру актісі осы шартқа қоса тіркеледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Негізгі ұғымдар

4. Осы шартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ажырамас жақсартулар - жалға берушімен келісім бойынша қосалқы жалға алушы жүргізген, мұлік үшін зиянсыз ажырамайтын (жер участекесінің нысаналы мақсатына қайшы келмейтін құрылыштар, ғимараттар) жақсартулар;

2) АЭА қатысушысының шарты – АЭА қатысушысы ретінде қызметтің жүзеге асыруы туралы шарт;

3) жалға беруші – "Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес

АЭА-ның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін акционерлік қоғам үйымдық-құқықтық нысанында құрылған басқарушы компания, автономдық кластерлік қор;

- 4) жер учаскесі - АЭА-ның аумағындағы жер учаскесі;
- 5) қосалқы жалға алушы - АЭА қатысушылары, сондай-ақ қызметтің қосалқы түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар;
- 6) қосалқы жалдау шарты - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Заңға, сәйкес жалға беруші мен қосалқы жалға алушы арасында жазбаша нысанда жасалатын, Тараптар қол қойған, оның барлық қосымшаларымен және енгізілген толықтыруларымен бірге АЭА құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі қайталап пайдаланудың (қосалқы жалға алудың) шарты.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5. Қосалқы жалға алушы:

- 1) АЭА аумағында қызметтің басым (немесе қосалқы) түрлерін жүзеге асыру үшін жер учаскесін пайдалануға;
- 2) жер учаскесінің нысаналы мақсатына қайшы келмейтін құрылыштар мен ғимараттар тұрғызуға;
- 3) жер телімінің ажырамайтын жақсартуларымен байланысты шығындардың етелуін талап етуге;
- 4) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

6. Қосалқы жалға алушы:

- 1) осы шарттың барлық талаптарын толық көлемде орындауға;
- 2) жер учаскесін оның негізгі нысаналы мақсатына сәйкес және осы Шартта көзделген тәртіппен пайдалануға;
- 3) жер учаскесін пайдаланғаны үшін төленетін ақыны осы шартта белгіленген мөлшерде және шарттарда төлеуге;
- 4) жалға берушіге (оның занды өкілдеріне), уәкілетті органдардың өкілдеріне жер учаскесіне қолжетімділікті қамтамасыз етуге;
- 5) осы шартты мерзімінен бұрын бұзы туралы жазбаша хабарламаны жалға берушіге кемінде 3 (үш) айдан кешіктірмей жіберуге;
- 6) жер учаскесін пайдалану кезінде қала құрылышы регламенттерінің, құрылыш, экологиялық, санитариялық-гигиеналық, өртке қарсы және өзге де қағидалардың, нормативтердің талаптарын сақтауға, оның ластануына, қоқыстануына жол бермеуге, жер учаскесінде және оның маңындағы аумактарда экологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеуге, сондай-ақ аумақты

абаттандыруды қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де талаптарды сақтауға;

7) жалға берушіге өзінің деректемелерінің өзгергені туралы он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға;

8) осы шарт тоқтатылған жағдайда жер участекесін осы шарт тоқтатылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданап алу-беру актісі негізінде тиесілі жай-күйде жалға берушіге қайтаруға;

9) АЭА қатысуышысы Шартты бұзған жағдайда Заңға сәйкес біржакты тәртіпте Жалға берушіге жер телімін тиісті қүйінде қабылдау-беру актісі негізінде АЭА қатысуышының Шартты тоқтатқан күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қайтаруға;

10) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

7. Жалға берушінің:

1) мынадай жағдайларда:

- қосалқы жалға алушы жер участекесін пайдаланғанда үшін төленетін ақыны пайдаланбаған;

- қосалқы жалға алушы жер участекесін пайдаланғаны үшін төленетін ақыны қатарынан 2 (екі) тоқсаннан астам уақыт енгізбекен;

- Заңға сәйкес бір жақты тәртіпте АЭА қатысуышының шарт бұзуды;

- Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де жағдайларда;

2) қосалқы жалға алушымен алдын ала келісе отырып, оны шарт талаптарының сақталуы мәніне тексеру мақсатында жер участекесінің аумағына кіруге;

3) қосалқы жалға алушының шаруашылық қызметі нәтижесінде жер участекесінің қасиетін және экологиялық ахуалды нашарлатумен келтірілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы шартта көзделген өзге де негіздер бойынша зияндарды өтеуге;

4) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылды.

8. Жалға беруші мыналарға:

1) осы шарттың барлық талаптарын толық көлемде орындауға;

2) осы шарт мемлекеттік тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылданап алу-беру актісі бойынша жер участекесін қосалқы жалға алушыға беруге;

3) жер участекесін пайдаланғаны үшін төленетін ақыны аудару үшін өз шотының нөмірі өзгергені туралы қосалқы жалға алушыға он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға;

4) қосалқы жалға алушыға жер участекесін ажырамайтын жақсартуларға байланысты шығындарын өтеуге;

5) АЭА қатысушысы Шартты тоқтатқан жағдайда Заңға сәйкес біржакты тәртіпте жер телімін тиісті жай-күйінде қабылдау-беру актісі негізінде АЭА қатысушысының Шартты тоқтатқан күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қайтарып алуға;

6) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

4. Шарттың мерзімі

9. Осы шарт Тараптар оны жасасқан күннен бастап күшіне енеді.

10. Осы шарт _____ жылға, бірақ _____ АЭА-ның құрылу және жұмыс істеу мерзімінен, сондай-ақ 20 _____ жылғы _____ № _____ АЭА құрылатын жеке меншіктегі жер участекерін уақытша өтеулі пайдалану (жалға алу) шартының қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге жасалды.

11. Осы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін және қосалқы жалға алушы өзінің осы шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындаған жағдайда, шарт қосымша келісілген талаптармен жаңа мерзімге жасалуы мүмкін. Шартты жаңа мерзімге жасасу ниеті туралы қосалқы жалға алушы жалға берушіге осы шарттың мерзімі аяқталғанға дейін кемінде қүнтізбелік 1 (бір) ай бұрын жазбаша хабардар етеді. Бұл ретте қосалқы жалға алушы үшінші тұлғалардың алдында шартты жаңа мерзімге жасасуға басым құқыққа ие болады.

5. Жер участекін пайдаланғаны үшін төленетін ақы

12. Жер участекін пайдаланғаны үшін төленетін ақының мөлшері осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жер участекін пайдаланғаны үшін төленетін ақыны есептеуге сәйкес ҚҚС-ті есепке алмағанда, айна/тоқсанында _____ құрайды.

13. Жалдау ақысы теңгемен белгіленеді және қосалқы жалға алушының төленетін айдың _____ (_____) күннен кешіктірмей жалға берушінің банктік шотына аудару жолымен төлеуіне жатады.

14. Осы шарт бойынша жер участекін пайдаланғаны үшін төленетін ақының мөлшері Тараптардың жазбаша келісімі бойынша өзгеруі мүмкін.

6. Тараптардың жауапкершілігі

15. Осы шарттың талаптарын бұзғаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

16. Осы шарт бойынша жер участекесін пайдаланғаны үшін төленетін ақыны енгізу тәртібі мен мерзімін бұзғаны үшін қосалқы жалға алушы жалға берушіге _____ мөлшерде есімпұл төлейді.

17. Осы шарт бойынша міндеттемелерін еңсерілмес күштің әсеріне байланысты бұзғаны үшін Тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

18. Жалға беруші осы шарттың талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда жалға беруші қосалқы жалға алушының шеккен барлық шығындарын өтейді.

7. Осы Шартты өзгерту, толықтыру, тоқтату және бұзу талаптары

19. Осы шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, тараптар осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған жағдайда осы шарттың талаптарын өзгертуге және оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін біржакты тәртіппен бұзуға жол берілмейді.

20. Осы шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар, олар жазбаша ресімделген және Тараптардың осыған уәкілетті өкілдері оған қол қойған жағдайдаған жарамды болады.

21. Осы шарттың қолданылуы:

- 1) АЭА таратылған;
- 2) 20 _____ жылғы _____ № ____ АЭА құрылатын жеке жер участекелерін үақытша өтеулі қайталап пайдаланудың (қосалқы жалға алудың) шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;
- 3) осы шарт сот тәртібінде мерзімінен бұрын бұзылған;
- 4) АЭА қатысушысы Шарты Занға сәйкес біржакты тәртіpte бұзған жағдайда тоқтатылады.

8. Дауларды қарау тәртібі

22. Осы шарттың міндеттемелерін орындау кезінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер жолымен шешіледі.

23. Дауларды 3 (үш) ай ішінде келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда Тараптар оларды Қазақстан Республикасының сот қарауына береді.

24. Тараптар туындаған даулар мен келіспеушіліктер толық шешілгенше, осы шартта белгіленген міндеттемелерін орындаудан босатылмайды.

9. Форс-мажор

25. Осы шарт бойынша міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған Тарап тиісінше орындау еңсерілмес күштің, яғни төтенше және мұндай мән-жайда еңсерілмейтін болған (апатты зілзала, соғыс әрекеттері) жағдай салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдемесе, мүліктік жауапкершілікке тартылады.

10. Қорытынды ережелер

26. Тараптардың осы шартта айтылмаған құқықтық қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

27. Қосалқы жалға алушының жер участесін қосалқы жалға алу шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаға беруге, жер участесін кейінгі қосалқы жалға алуға, кепілге беруге, шаруашылық жүргізуі серіктестіктің немесе қоғамның жарғылық капиталына салым не өндірістік кооперативке пай жарнасы ретінде салуға, сондай-ақ оны ақысыз жедел пайдалануға беруге құқығы жоқ.

28. Осы шартқа қоса берілген барлық қосымшалар оның ажырамас бөліктері болып табылады.

29. Осы шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар, олар жазбаша ресімделген және Тараптардың осыған уәкілетті өкілдері оған қол қойған жағдайдаған жарамды болады.

30. Осы шарт біреуі жалға берушіде, екіншісі қосалқы жалға алушыда болатын екі данада жасалды.

31. Осы шартқа Тараптардың уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасы _____ қаласында 20____ жылғы _____ (күні) _____ (айда) қол қойды.

32. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары:

Қосалқы жалға алушы: Жалға беруші:

Атауы: _____ Атауы: _____

Заңды мекенжайы _____ Заңды мекенжайы _____

Есеп айырысу шоты _____ Есеп айырысу шоты _____

ЖСН/БСН _____ ЖСН/БСН _____

Банк _____ Банк _____

Телефон/факс _____ Телефон/факс _____

МО (бар болған жағдайда) МО (бар болған жағдайда)

Қолы _____ Қолы _____